

ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ЖОСПАРЛАРЫ

Аңдатпа

Қазақстанның қаржылық бақылау жүйесі түбегейлі реформалау кезеңінен өтуде. Қаржылық бақылауды мемлекеттік аудитке трансформациялау үшін қолданыстағы бақылау жүйесінің барлық элементтерін принциптерден бастап және методологиямен аяқтай отырып реформалау қажет. Принциптерді жүзеге асырудың пәрменді механизмдерін құру мемлекеттік аудит жүйесінің тиімді қызмет ету негізін қалайды. Мақаланың мақсаты – қаржылық бақылаудың кейбір принциптерін жүзеге асырудың проблемалы аспектілерін қарастыру және реформалау барысында оларды шешу перспективалары болып табылады.

Тірек сөздер: мемлекеттік аудит, бюджет, бюджеттік үдеріс, қаржылық аудит, сәйкестік аудиті, тиімділік аудиті.

Аннотация

Система финансового контроля Казахстана проходит период коренных преобразований. Чтобы трансформировать финансовый контроль в государственный аудит, необходимо реформировать все элементы применяемой контрольной системы, начиная от принципов и заканчивая методологией. Создание действенных механизмов реализации принципов лежит в основе эффективной работы государственной системы аудита. Цель статьи – рассмотрение проблемных аспектов реализации некоторых принципов финансового контроля и перспектив их решения в ходе реформирования.

Ключевые слова: государственный аудит, бюджет, бюджетный процесс, финансовый аудит, аудит соответствия, аудит эффективности.

Abstract

The system of financial control in Kazakhstan is undergoing a period of radical transformations. To transform the financial control into the state audit, it is necessary to reform all the elements of the control system used, starting from the principles and methodology ending. The creation of effective mechanisms for implementation of the principles is the basis of effective work of the state audit system. The purpose of the article is to review problematic aspects of the implementation of certain principles of financial control and the prospects for their decisions during the reform.

Keywords: government audit, budget, budget process, financial audit, compliance audit, efficiency audit.

Қазіргі кезде мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару жүйесі түбегейлі реформалау кезеңінен өтуде. «Қазақстан – 2050» Стратегиясымен әлемнің ең дамыған елдерінің алғашқы отыздығына ену бойынша мақсат қойылды. Бұл маңызды мақсатқа қол жеткізу мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару тиімділігін барынша көтеруді талап етеді.

2013 жыл барысында Стратегияны жүзеге асыру аясында бағдарлау мен жоспарлаудан бастап бақылаумен аяқталатын мемлекеттік қаржы ресурстарын басқарудың барлық кезеңдерін реформалауды мақсат етуді көздейтін үш Тұжырымдама қабылданды.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіруде нәтижеге бағытталған тұжырымдама. Тұжырымдаманың мақсаты – стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың теңгермелі жүйесін құру, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды жүзеге асыру мен мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру [1].

Жаңа бюджеттік саясат тұжырымдамасының мақсаты – мемлекеттік қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, бюджеттік шығындар нәтижелілігін көтеру, жергілікті атқару органдар қызметінің тиімділігін арттыру мен тұрақты экономикалық өсімге қолайлы жағдай жасау болып табылады [2].

Мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін мемлекеттік аудит жүйесіне реформалауға бағытталған [3].

Жоғарыда көрсетілген үш Тұжырымдама басқарудың әртүрлі функцияларын реформалауға бағытталғанына қарамастан, олардың барлығы мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару тиімділігін арттыруды өздеріне соңғы мақсат етіп қояды. Бұл ретте, егер жоспарлау процестерін реформалау және бұл кезеңде қаражатты қолдану жүйелілік сипатта болса, бақылау жүйесін реформалау түбегейлі болып табылады.

2013 жылғы тоғыз ай қорытындысы бойынша Есептік комитеттің жұмысы туралы ақпаратқа сай, 2013 жылғы тоғыз ай нәтижесі бойынша анықталған тәртіп бұзушылықтардың жалпы

сомасы 369,7 миллиард теңгені құрайды және өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,8 есе өскен [4].

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің деректері бойынша 2011 жылы анықталған тәртіп бұзушылық 208 миллиард теңгені құраса, 2012 жылы 333 миллиард теңгені құраған. Бюджеттік саладағы тәртіп бұзушылықтың айтарлықтай өсуі қаржылық ресурстарды басқару жүйесіндегі бар проблемаларға және бақылау жүйесінің тиімсіздігіне куәлік етеді.

Заманауи жағдайда мемлекет қаржылық бақылау органдары тұлғасында қаражаттың бюджетпен қарастырылған мақсаттарға заңды қолданылуын тексереді, бұл ретте биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігі саласы барынша кеңейеді. Тек қана маңызды экономикалық механизмдерді бағалау қажеттілігі ғана туындамайды, сонымен қатар мемлекет меншігіндегі барлық мүлікті барынша тиімді пайдалану бойынша нақты ұсыныстар дайындау қажеттілігі туындайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей бұл мемлекеттік қаржылық бақылаудың мемлекеттік аудит институтына трансформациялануына әкеледі.

Енгізіліп жатқан мемлекеттік аудит жүйесінің дәстүрлі қаржылық бақылау жүйесінен негізгі айырмашылығы тәртіп бұзушылықтарды анықтау емес, олардың алдын алу және басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданыстағы қаржылық бақылау жүйесінің барлық элементтерін түпкілікті өзгерту қажет екендігі анық, атап айтқанда:

- бақылау өткізілетін принциптер;
- бақылау органдарының жүйесі (бақылау субъектілері) және олардың өзара әрекеттесуі;
- бақылау объектісі мен нысаны;
- бақылау методологиясы.

Қазіргі таңда Мемлекеттік аудит тұжырымдамасын енгізу аясында «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң жобасы дайындалды және Мәжіліске жолданды. Осы мақалада біз өткізіліп жатқан өзгерістер бақылау жүйесінің тиімділігін аттыруға және мемлекеттік аудит жүйесіне көшуге қандай деңгейде ықпал ететінін қарастырғымыз келеді. Қарастыруды қаржылық бақылау принциптерінен және олардың мемлекеттік аудит принциптеріне трансформациялануынан бастау қажет деп болжаймыз, өйткені кез келген жүйенің дұрыс және тиімді қызмет етуіне принциптер негіз болып табылады.

Қолданыстағы бюджеттік заңнамаға сай қаржылық бақылау органдарының қызметі тәуелсіздік, объективтік, нақтылық, айқындық, біліктілік пен жариялылық принциптеріне негізделуі тиіс деп қарастырылған.

Қаржылық бақылаудың кей принциптерінің механизмі Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарымен анықталған және нақтыланған. Стандарттармен тәуелсіздік, жариялылық пен біліктілік принциптері регламенттелген. Қалған принциптер Бюджеттік кодексте көрсетілген, бірақ оларды жүзеге асыру механизмі анықталмаған.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» жаңа Заң жобасына сай Қазақстандағы мемлекеттік аудит тәуелсіздік, объективтік, кәсіби біліктілік, құпиялылық, нақтылық, айқындық, жариялылық және мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара мойындау принциптеріне негізделетін болады деп қарастырылған.

Байқағанымыздай жаңа екі принцип – құпиялылық және мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара мойындау принциптері қосылған.

Құпиялылық принципін қосу принциптерді мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарымен сәйкестендіру қажеттілігімен байланысты. Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара мойындау принциптеріне келетін болсақ, қолданыстағы заңнамада, өзара мойындау қажеттілігі Бюджеттік Кодекстің тікелей нормасы болып табылады. Бақылау органдарының жұмысындағы қайталауларға байланысты оқыс оқиғалардың алдын алу мүмкін емес, оларды орындамауға байланысты белгілі санкциялардың бар болуы болжанады. Аталмыш принциптің қосылуы, біздің пікіріміз бойынша, туындайтын қарама-қайшылықтарды жоюды мақсат етеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде бақылау жүйесін реформалау нәтижесінде, олардың принциптер құрылымы, жалпы алғанда түбегейлі өзгерістерге ұшырамайды деп қорытынды жасауға болады. Ресми мәлімделген принциптер тізімі қолданыстағы редакцияда да мемлекеттік аудиттің халықаралық принциптеріне барынша сәйкес келеді. Туындап отырған проблема принциптердің ресми жариялануында емес, олардың тәжірибелік жүзеге асыру механизмдерін құруда. Жүзеге асыру процесінде анық проблемалар мен қарама-қайшылық бар мемлекеттік аудиттің кей принциптерін барынша анықтап қарастыру қажет.

Тәуелсіздік принципі.

Жаңа Заң жобасы бойынша тәуелсіздік принципі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының тәуелсіздігіне қол сұғатын араласуларға жол бермеуді ұйғарады.

Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Канада, Алмания сияқты барынша дамыған елдердің мемлекеттік аудит органдарының қызмет етуінің негізді ұйымдастырушылық аспектісін талдайтын болсақ, орын алған ұлттық ерекшеліктерден басқа олардың арасындағы ұқсастықты бөліп көрсетуге болады. Бұл, біріншіден, аудиттің басшылық ететін принциптерінің Лим декларациясының жолын ұстаушылық.

Аудиттің басшылық ететін принциптерінің Лим декларациясына сай тәуелсіздік принципі Мемлекеттік аудиттің жоғарғы органдары қызметінің негізін салушы принципі ретінде анықталған. Мемлекеттік аудиттің жоғарғы органдары өздеріне жүктелген міндетті, егер олар өздері тексеретін ұйымдардан тәуелсіз болса және бөгде тараптың ықпалынан қорғалған болса объективті де тиімді жүзеге асыра алады. Декларацияның 7-бабы Мемлекеттік аудиттің жоғарғы органының қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігін анықтайды.

Аудиттің жоғарғы органдарының Халықаралық ұйымы (ИНТОСАИ) аудиттің жоғарғы органының тәуелсіздігін тиімді мемлекеттік аудит жүйесінің негізгі принциптерінің бірі деп анықтайды. ИНТОСАИ сегіз принципіне сай «қаржылық, басқарушылық және әкімшілік автономия және сәйкес адами, материалды және қаржы ресурстарының болуы» міндетті [2].

Қолданыстағы бюджеттік заңнамаға сай Есептік комитет басқа да орталық мемлекеттік органдар сияқты бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылады және қаржыландыруда бөлу процедурасы, қаражатты қолдану және ол бойынша есеп беру Үкімет құрамына енетін мемлекеттік органдарға ұқсас. Атап айтқанда, қаржыландыруды бөлу үшін бюджеттік өтінім беру, ол бойынша Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің қолдауын алу керек, қаражатты қолдану бойынша есепті Қаржы министрлігіне беру қажет және т.б. Бұл процедуралар Есептік комитеттің Үкімет құрамына енетін органдар алдындағы белгілі бір тәуелділігін және оларға есептілігін болжайды. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу» тұжырымдамасында, сонымен қатар «Жаңа бюджеттік саясат» тұжырымдамасында тәуелсіздік принципін барынша толық жүзеге асыруды қамтамасыз ететін механизм құру қарастырылмаған.

Осы проблеманы шешу жолын қарастыру кезінде шетелдердің қаржылық бақылаудың жоғарғы органдарының қызмет ету тәжірибесіне көз жіберген жөн. АҚШ, Ұлыбритания, Канада сияқты бірқатар елдерде мемлекеттік аудиттің жоғарғы органына бюджетті бекітетін мемлекеттік органға тікелей қаржыландыруды бөлу бойынша үндеу салу құқығы берілген.

Ішкі бақылау қызметі барысында да тәуелсіздік принципін толыққанды жүзеге асыруға байланысты қиындықтар туындайды. Ішкі бақылауды жүзеге асырудың қолданыстағы Қағидасына сай Ішкі бақылау қызметі ұйымдастырушылық және қызметі жағынан өзге құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, сонымен қоса бұл тәуелсіздік шегі де және оны қамтамасыз ету жолдары заңмен бекітілмеген. Заңның жаңа жобасында бұл олқылықтардың орнын толтыруға талпыныс жасалған. Қызметтердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар нормалар енгізілген, атап айтқанда, Ішкі аудит қызметі мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға тартыла алмайды, сонымен қатар өзінің құзыретіне жатпайтын бағдарламалар мен жобаларды дайындауға және жүзеге асыруға тартыла алмайды. Бұдан басқа, жаңа Заң жобасында Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) мен мемлекеттік органның тікелей басшысы арасындағы қарым-қатынасты шектеу мен регламенттеуге талпыныс жасалған. Болжау бойынша, ІАҚ мен басшысы арасындағы өзара әрекеттестік жұмыс жоспарын бекіту, тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдарды жүзеге асыру туралы шешім қабылдау және ішкі аудит бойынша жылдық жоспарды қарастыру үшін ғана жүзеге асырылады. Бұл шектеулерді енгізу, біздің пікіріміз бойынша, артық болып табылады, өйткені ІАҚ қолдану мүмкіндігін шектейді. Олардың қызметі тексерулермен, тексеру нәтижесі бойынша ұсыным берумен және есеппен шектеледі. Біздің болжауымыз бойынша, ІАҚ мен мемлекеттік орган басшысының стратегиялық жоспар құру, бюджеттік өтінім дайындау кезеңіндегі, ағымдағы мониторинг жасау барысындағы өзара тығыз қарым-қатынас жасауы тәртіп бұзушылықтың алдын алуға және мемлекеттік органдардың барынша тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Бұдан басқа, Заң жобасымен мемлекеттік аудит бойынша уәкілетті орган тарапынан ішкі аудит қызметінің тиімділігіне бағалау өткізу қарастырылған. Ішкі аудиттің бір органының тиімділігін басқа ішкі аудит органының бағалауын жүргізу қажеттілігі күмән тудырады, өйткені

ол тәуелсіздік принципіне бастапқыдан қарама-қайшы келеді. ІАҚ түпкілікті мақсаты тәртіп бұзушылықты анықтау және тіпті оның алдын алу емес, мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады және оның қызметін бағалауды жалпы мемлекеттік орган қызметі позициясынан жүзеге асыру керек. Біздің болжауымыз бойынша ІАҚ бағалауды мемлекеттік орган қызметінің кешенді аудиті аясында сыртқа аудит қызметімен жүзеге асырған жөн.

Жоғарыда айтылғандар бойынша қаржылық бақылаудың ішкі органдарымен қоса сыртқа органдары қызметінде де тәуелсіздік принципін жүзеге асыру процесінде бірқатар проблемалар бар.

Жариялылық принципі.

Бюджеттік кодекске сай жариялылық принципі құпиялылық режимін сақтай отырып қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтай отырып мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижесін міндетті жариялауды қарастырады. Заңның жаңа жобасында «міндетті» сөзі алынып тасталды. Қолданыстағы Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарымен «қоғам үшін «Жариялылық» стандарты бақылау нәтижесі бойынша материалдарды және бақылау органдарының қызметі туралы өзге де деректерді бұқаралық ақпарат құралдарында, бақылау органдарының веб-сайттарында жариялау арқылы, баспасөз конференциялар, брифинг және өзге де бұқаралық шараларды өткізу жолымен жүзеге асырылады» деп қарастырылған [3].

Сонымен қатар ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау өткізу ережелерімен Уәкілетті органмен Ішкі бақылау қызметтерінің бақылау нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында және веб-сайттарда жариялау қарастырылған [4].

Жариялылық принципін нақты орындау ол қаржылық бақылау нәтижесі жалпыға қолжетімді болуы тиіс. Осы мақаланы жазу кезінде біз бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылатын барлық мемлекеттік органдардың веб-сайттарын қарап шықтық. Олардың басым көпшілігінде қаржылық бақылау туралы ақпарат жоқ немесе жалпыға қолжетімді емес. Ағымдағы жылдың 16 ақпанындағы жағдай бойынша Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Көлік және коммуникация министрлігінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Мұнай және газ министрлігінің сайттарынан біз осы мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері өткізген бақылау шараларының нәтижесі туралы ақпарат бар бөлімді таба алмадық. Құқық қорғаушы органдар мен қарулы күштер ведомстволарының сайттарын біз қарастырған жоқпыз, өйткені құпиялылық режимі ішкі бақылау нәтижелерін жариялаудан бас тартуға мүмкіндік береді.

Ішкі қаржылық бақылау нәтижелері туралы ақпаратты жариялаған мемлекеттік органдардың сайтында, жариялылық принципі қарастырғандай, берілген ақпарат көбінесе жалпыланған және формалды сипатта. Берілген ақпараттардың мазмұны бойынша тәртіп бұзушылықтың мәні мен себебін, кінәлілерді, олардың жауапкершілік деңгейі мен тәртіп бұзушылықты жою бойынша атқарылған шараларды анықтау мүмкін емес. Мысал ретінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің сайтында орналастырылған ішкі бақылау нәтижесі туралы ақпаратты алуға болады. Объективті мәлімет алу үшін ақпаратты толығымен жариялау мүмкін деп болжаймыз.

«ҚР Білім және ғылым министрлігінің аудит және бақылау басқармасымен 2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 15 ведомстволық бағыныстағы ұйымында және 4 құрылымдық бөлімшесінде бақылау шаралары өткізілді. Анықталған қаржылық тәртіп бұзушылықтар үлесі бақылауға алынған жалпы соманың 3,9% құрайды. Бақылау нәтижесі бойынша орнын толтыруға және толықтыруға жататын жалпы соманың 94,8%-ының орны толтырылды және толықтырылды, соның ішінде республикалық бюджет кірісіне - 43,4%. Қалған сома бойынша Аудит және бақылау басқармасы тәртіп бұзушылықты жою бойынша бақылау жүргізуде» [6].

Дәл осындай жағдай бірқатар мемлекеттік органдарда да орын алған, формалды түрде заң нормасы сақталады, сонымен қатар жариялылық принциптерімен анықталған мақсаттар, біздің ойымызша, қолжетімсіз болып қала береді.

Біз ақпараттарды сайттарда жариялау арқылы жариялылық принциптері Ішкі қажылық бақылау бойынша уәкілетті органымен (ҚР ҚМ Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті) қалай жүзеге асырылатынында байқай алмадық, өйткені <http://www.goszakup.kz/> веб-сайты ағымдағы жылдың басынан бастап қолжетімді емес және ол сайтта жаңарту жұмыстары жүргізілуде деп көрсетілген.

Қаржылық бақылау органдарының ішінде Есеп комитеті ғана барынша толық жариялылық принципін жүзеге асырған, бірақ осы мемлекеттік органның сайтындағы бақылау нәтижелері

туралы ақпарат жалпылама сипатта және қызмет нәтижесі бойынша белгілі бір уақыт аралығындағы баспасөз хабарламасы және есеп формасында ұсынылған.

Неліктен жариялылық принципін толығымен жүзеге асыру маңызды болып табылады? Анығы, бұл принципті сақтау және бюджеттік қаражатты қолданудың нәтижелілігінің айқындығын күшейту бақылау органдарының қызметін және бақылау объектілеріне жататын органдардың қызметінің тиімділігін арттыруға ынталандырады. Қазіргі кезде қаржылық бақылаудың жариялылығы демократиялық қоғамның міндетті атрибуты болып табылады, өйткені қоғамды мемлекеттік басқарудағы нақты жағдай туралы ақпараттандырады.

Осыған байланысты жариялылықты қамтамасыз ету бойынша құқықтық нормаларды қатайту керек деп санаймыз, өйткені бұл тәртіп бұзушылардың тек қана құқық қорғау органдары алдында ғана емес, сонымен қатар қоғам алдында жауапты болуға мәжбүрлейді. Қаржылық бақылау стандарттарында қандай ақпарат, қандай формада, қандай көлемде және қандай мерзімде жариялану керек екенін егжей-тегжейлі нақтылану қажет. Ондай ақпарат көлемі барынша толық болуы тиіс. Тексеру нәтижелері бойынша есептік материалдарды ғана емес, сонымен қатар аудиторлардың қорытындысына берген мемлекеттік органдардың ресми жауаптарын да жариялау керек, соның ішінде тәртіп бұзушылықты жою бойынша атқарылған шараларды көрсете отыру керек. Бақылау нәтижелерін жариялау қоғамдағы оны өткізу пайдасы мен қажеттілігі туралы тұрақты пікір қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл ретте, жаңа Заң жобасында міндетті жариялауды алып тастауға байланысты, реформалаудың бұл кезеңінде жариялылық принципін күшейтуге назар салынбады деп болжауға болады.

Біліктілік принципі.

Бақылау стандарттары бойынша «біліктілік принципі дегеніміз, бақылау органдарының қызметкерлерінің тиімді бақылауды жүзеге асыруға жеткілікті болатын және ол бойынша сәйкес есеп жүргізетін кәсіби дағдылары, білімі мен тәжірибесі болуы тиіс» [3]. Бұл мәселе қоғамдық сектордағы қаржылық есептіліктің Халықаралық стандартының енгізілуіне байланысты одан да үлкен маңыздылыққа ие. Қазіргі таңда ревизорлардың жеткілікті кәсіби білімі мен дағдыларын анықтау механизмі қалыптастырылмаған. Басшылық тарапынан бағынышты аудиторлар мен ревизорларға қатысты жеткілікті кәсіби білімді анықтау механизмі субъективтік сипатта болуы мүмкін. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей осы мәселені шешу кәсіби сертификаттау жүйесін құруға байланысты.

Мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы мемлекеттік аудиторлардың сертификаттау жүйесін екінші кезеңде, 2015–2017 жылдар аралығында құруды қарастырады [5].

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң жобасында сертификаттау жұмысы құрамына Президент Әкімшілігі, Үкімет, Есептік комитет мүшелері, сонымен қатар ішкі аудит бойынша уәкілетті орган мүшелері мен депутаттар кіретін Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жөніндегі Ұлттық комиссия жүргізеді деп қарастырылған. Сыртқы мемлекеттік аудиторларды сертификаттауға жіберуге негіз Есеп комитеті анықтаған тәртіппен білімді растау болып табылады, ал ішкі аудиторлар үшін – ішкі аудит бойынша уәкілетті орган анықтаған тәртіп. Бұл ретте екі топ кандидаттарына да бірдей «Мемлекеттік аудитор» біліктілігі берілетін болады.

Бухгалтерлік есеп принциптерінің бірлігін, сонымен қатар бақылау объектісі болып табылатын мемлекеттік органдардың қаржылық ресурстарын басқару процесінде қолданылатын заңнамалық базаның ортақтығын назарға алсақ, мемлекеттік аудиторлар үшін білімді растаудың екі паралельді жүйесінің болуы толығымен жөн болып табылмайды. Біздің ойымызша, сертификаттаудың ортақ жүйесін, білімді растаудың ортақ жүйесін және мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың барлық органдары үшін біліктілікті көтерудің ортақ жүйесін құру барынша тиімді болып табылады. Бұл сертификаттау процесіндегі барынша айқындыққа ықпал етеді және мемлекеттік аудиторларды кейіннен ротациялауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аудит барынша дамыған АҚШ пен Ұлыбритания сияқты шетелдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, бұл елдерде мемлекеттік аудиторларды сертификаттайтын арнайы жүйе жоқ екенін атап өту керек. Қаржы саласындағы қызметкерлерді сертификаттау жүйесі жеке ұйымдарға да, сонымен қатар қоғамдық секторлар үшін де, соның ішінде бухгалтерлер үшін, сонымен қатар аудиторлар үшін ортақ болып табылады, бұл ретте сертификаттауды мемлекеттік орган жүзеге асырмайды. Бұл елдерде қаржылық сектордың қызметкерлерін сертификаттау өздігінен реттелетін қоғамдық ұйымдардың құзыретінде.

Солардың ішінде барынша мойындалғаны Сертификатталған бұқаралық бухгалтерлер мен аудиторлардың Америкалық институты (AICPA). Бұл жұмыс істейтін бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби бірлестігі, барынша беделді үкіметтік емес кәсіби ұйым, АҚШ-тағы бухгалтерлік және аудиторлық қоғамның мүддесін қорғайды. Мемлекеттік аудит органдарына жұмысқа қабылдау кезінде аудитор сертификатының бар болуы міндетті емес, бірақ та сертификатталған жұмысшыларға айрықша ықылас беріледі.

Біліктілік принципін толыққанды жүзеге асыру тек қана айқын сертификаттау жүйесінің бар болуын ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін көтерудің тиімді жүйесін құруды талап етеді. Бұл ретте біліктілікті көтеру міндетті, үнемі және жүйелі сипатта болуы тиіс. Бүгінгі таңда мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін көтеру жүйесі қалыптастырылмаған. Бұл қаржылық бақылау жүйесінің мемлекеттік аудит жүйесіне ауысу процессін қиындатуы мүмкін. Қаржылық бақылау жүйесінің мемлекеттік аудит жүйесіне реформалануын, біздің ойымызша, қаржылық бақылау органдарының кадрларының біліктілігін көтеру және қайта даярлау жүйесін құрудан бастау керек. Сәйкесінше нормативтік базаны құру, стандарттарды икемдеу және мемлекеттік аудиттің методологиясын жасау қиын емес. Негізгі қиындық – бұл шараларды тиімді жүзеге асыру адами факторларға және мамандардың дайындық деңгейіне тәуелді болуы. Бұл аспект есеп жүйесінің қоғамдық сектордағы халықаралық стандарттарға ауысуымен, кейіннен мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарына ауысуымен күрделенеді.

Қаржылық бақылау принциптерін жүзеге асыру туралы жалпы айтатын болсақ, бүгінгі таңда олар регламенттік сипатқа қарағанда көбінесе декларативтік сипатта екендігін мойындау керек және оларды нақты тәжірибе жүзінде қолдану бойынша механизмдер айтарлықтай толықтырып жөндеуді қажет етеді. Қазақстанда мемлекеттік аудитті енгізу концепциясында және Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заң жобасында көрсетілген реформалардың қазіргі кездегі жағдайын талдай келе реформаның осы кезеңінде бақылау принциптеріне елеулі назар аударылмаған деп қорытынды жасауға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аудиттің басшылық ететін принциптерінің Лим декларациясы //www. Issai.org.
- 2 Қаржылық бақылаудың жоғарғы органдарына арналған Халықаралық стандарттар (ISSAI) Қаржылық бақылаудың жоғарғы органдарының Халықаралық ұйымымен жасалған (INTOSAI)// www.intosai.org.
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі «Мемлекеттік қаржылық бақылаудың Стандарттарын бекіту туралы» №788 Жарлығы.
- 4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы «Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті деңгейлерде ішкі мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру Қағидаларын бекіту туралы» №235 Қаулысы
- 5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің Концепциясы туралы» Жарлығының жобасы туралы №765 Қаулысы
- 6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының жаңа бюджеттік саясатының Концепциясы туралы» Жарлығының жобасы туралы № 561 Қаулысы.
- 7 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу Концепциясы туралы» Жарлығының жобасы туралы № 609 Қаулысы.
- 8 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің <http://www.edu.gov.kz/веб-сайты>, үндеу күні 10.03.2014
- 9 2013 жылғы тоғыз ай нәтижесі бойынша республикалық бюджеттің орындалуын қадағалау бойынша Есептік комитеттің жұмысы туралы ақпарат <http://www.esep.kz/>, үндеу күні 10.03.2014

Дата поступления статьи в редакцию 13.06.2014